

Қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттама №3

Өткен күні: 11.01.2023 ж.

Өткен орны: ZOOM платформасы арқылы

Қатысқандар:

1. Амантайұлы Ербақыт
2. Абишева Макпал Жанатовна
3. Ахмутдинов Қайыржан Сермұхаметович
4. Бәри Қабдолқапар Жапарұлы
5. Бекжанова Алтын Кайркеновна
6. Жумагулова Гульгуль Азимовна
7. Касимова Майгуль Кайратовна
8. Нурманова Асем Аргиновна
9. Сенкибаева Алия Сериковна

Шақырылғандар: 2

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Н.К.Рахметова
2. Әлеуметтік ұстаз Бейсенбаева А.Ж.

Күн тәртібінде:

1. Өткен тоқсанда жүргізілген жұмыстар бойынша есеп /Қамқоршылық кеңесінің төрағасы/
2. Жалпыға білім беру айлығы бойынша жұмыстар және ұсыныстар /Бейсенбаева А.Ж. Әлеуметтік ұстаз/
3. Жағдайы төмен отбасыларына, қамқорлыққа алынған балаларға көрсетілген көмек бойынша ақпарат /Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және мүшелері/
4. Мектеп асханасындағы ыстық тамақтың құны өзгеруіне байланысты келісімге келу /Бейсенбаева А.Ж. Әлеуметтік ұстаз/

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшелері өткен тоқсанда жүргізілген жұмыстар бойынша есеп берді. Соның ішінде «Жанашыр жүрек» қайырымдылық жәрмеңкесінің өтуі бойынша және жиналған қаражаттың жұмсалуды бойынша ақпарат берді. 6000 тг көлемінде Жаңа жылдық іс-шараға тәттілер алынып, ал 5000 тг үйде оқытылатын мүгедек 4 «в» сынып оқушысы Мейірман Инжу мен 1 «В» сынып оқушысы Қайыржан Ахмадиярға жаңа жылдық сыйлық (кулек) берілді. «Жанашыр жүрек» қайырымдылық жәрмеңкесінен қалған қаражат көзі 33760 теңгені құрайды.

Екінші мәселе бойынша Жалпыға білім беру айлығы бойынша жұмыстар және ұсыныстар сұрағы бойынша мектебіміздің әлеуметтік ұстазы сөз алды. Жаңа жыл қарсаңында тегін тамақта тұрған 94 оқушыға тәтті сыйлықтар (кулектар) берілді. Жіберілген қаражат – 250000 теңгені құрайды. Алдағы уақытта басқа да көмектер көрсетіледі.

Үшінші сұрақ бойынша Жағдайы төмен отбасыларына, қамқорлыққа алынған балаларға көрсетілген көмек бойынша ақпаратты қамқоршылық кеңесінің төрағасы және мүшелері сөз алды. Бұл жоғарыда көрсетілген бірінші сұрақта қарастырылған. Одан басқа көмек көрсетілген жоқ.

Төртінші сұрақ бойынша Бейсенбаева Ақнұр Жұмабекқызы сөз алып, асханадағы ыстық тамақтың бағасы 500 теңгеден 550 теңге өсуі бойынша ақпарат берді. Бұл «Ботақан» қоғамдық бірлестігінің хабарламасы негізінде келген ақпарат. Кешегі күні мектебіміздің ата-аналарынан ыстық тамақтың бағасының 50 теңгеге өсуіне байланысты хабарлама беріліп, келісе ме, жоқ па сол жайында сауалнама алынды. Сауалнамаға 596 ата-ана қатысып, оның 61,9% ыстық тамақтың бағасының көтерілуіне қарсы болса, ал 38,1%-ы келісім берді. Сауалнама нәтижесі қосымша ретінде хаттамаға тіркелген.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын одан әрі жандандыру.
2. Мектеп асханасындағы ыстық тамақтың бағасын өсірмей, 500 теңге көлемінде қалдырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Ербақыт Амантайұлы


Хатшы:




Бөкен Гүлдана Алибекқызы


Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Ахмутдинов Қайыржан Сермұхаметович 


Бәри Қабдолқапар Жапарұлы 

Бекжанова Алтын Кайркеновна 

Жумагулова Гульгуль Азимовна 

Касимова Майгуль Кайратовна 

Абишева Макпал Жанатовна 

Сенкибаева Алия Сериковна 

Нурманова Асем Аргиновна 